

Жабайы жануарлардың гендік қорын сақтау жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 ақпан N 149. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1998.10.14. N 1035 қаулысымен. ~P981035

Қызыл кітапқа енгізілген жабайы жануарлардың гендік қорын сақтаудың биотехнологиялық негіздерін әзірлеу жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ғылым министрлігі - Ғылым Академиясы Зоология және жануарлар генофонды институтына екі еркек және үш ұрғашы арқар, оның ішінде 1997 жылы - екі еркек және бір ұрғашы және 1998 жылы - екі ұрғашы арқар аулауға рұқсат етсін.

Аулау "Қызыл кітапқа енгізілген хайуанаттарды шектеп алудың мүмкіндіктерін зерделеу жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 28 наурыздағы N 348 P950348 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 10, 120-құжат) орман шаруашылығы органдарына 1997 жылға арнап бекітілген арқар аулау лимитінің есебінен жүргізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі 1997-1998 жылдары аталған жануарларды аулауға уақтылы рұқсат берілуін қамтамасыз етсін және олардың пайдаланылуына бақылау орнатсын.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым Академиясы ғылыми тәжірибенің жүргізілуіне бақылау орнатсын және жасалған зерттеулердің нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарлап отырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі